

Көсембай негізгі мектебінің әлеуметтік педагогы
Сисенов Медет Жұматайұлының 2021 – 2022 оку жылындағы
жұмысына талдауы

Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмысының мақсаты: мектеп оқушыларымен, ата-аналармен әлеуметтік педагогикалық жұмыстар жүргізу және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, аз қамтамассыз етілген отбасы балаларын, жартылай жетім және оралман оқушылармен әлеуметтік қолдау, жұмыстарын жүргізу, сонымен қатар тәртібінде ауытқушылығы бар және қын, құқық бұзуға бейім, балалармен әлеуметтік-психологиялық және құқықтық жұмыстарды ұйымдастыру, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

2021-2022 оку жылының басында әлеуметтік педагогтың іс-қағаздарын реттеу, жаңарту жұмыстары ұйымдастырылды. Берілген жүктемелер бойынша жылдық жоспар құрылып, жалпыға бірдей білім беру айлығымен қоса атқарылып отырды. Қажетті нормативті құжаттар жинақталды. Әлеуметтік педагог өз білімін жетілдіру мақсатында курстан өтті.

Бала тәрбиесімен жүйелі жұмыс жүргізу үшін, баланың отбасы құрамын, тұрмыстық жағдайын, ата-ананың қаншалықты балаға уақыт бөлетінін, отбасындағы психологиялық ахуалды, баланың жеке психологиялық даму деңгейін білу мақсатында біршама педагогикалық- психологиялық іс-әрекеттер жасалынды.

Мектеп бойынша барлығы -63 оқушы. Ұлы-31. Қызы-32

Бастауыш сыйнып оқушылары-29

Негізгі буын оқушылары (5-9 кл.)- 34

Барлық отбасы-37

Толық отбасы-33

Ондағы бала -56

Аз қамтылған отбасы -1, ондағы бала саны -3

Көп балалы отбасы-13, ондағы бала саны 29

Толық емес отбасында тәрбиеленіп отырған бала: экесі қайтыс болған-3

Ата-анасы ажырасқан-4

Мүмкіндігі шектеулі бала -1

2021-2022 оку жылының басында мектеп бойынша әр оқушының әлеуметтік мәртебесі анықталып, барлық сыйныптардың әлеуметтік төлқұжаты жасалынды.

Мектепте жаңа оку жылының басталуына бір ай қалғанда «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясын өткізілді. Биылғы акция 1 тамыздан 30 қыркүйекке дейін «Менің таңдауды – балаларға көмек көрсету!» ұранымен өтілді. Жалпы соммасы 40000 теңге көлемінде. Бірнеше оқушы мектеп мұғалімдерінің демеуашілігімен мектеп фомасымен оқуға қажетті құралдармен қамтылды.

Әлеуметтік педагог мүгедек баланың отбасының шағын ортасын зерттейді. Баламен әңгімелесуден көптеген қажетті ақпаратты, оның әрекеттің әртүрлі нысанындағы әуестігі мен қызығушылығы, деңсаулығы, әдептері, дағдылары мен машиқтары туралы білуге болады. Әлеуметтік педагогтың баланың үйіне баруы оның тұратын жағдайымен, үйдегі жалпы ахуалымен танысуға септігін тигізеді. Бұдан бөлек, жұмыстың мүндай нысаны әке-шешесімен ғана емес, баланың тәрбиесіне қатысы бар отбасының басқа да мүшелерімен қарым-қатынас жасауга мүмкіндік береді.

Мектептегі мүмкіндігі шектеулі оқушы Даuletov Данабек Аскарулы 2021-2022 оку жылында 6 сыныпта оқыды. Құжаттары жинақталып, арнайы папкағасалынды. ПМПК қорытындысы бойынша жұмыстар жүргізілді.

Қазіргі таңда мектепшілік бақылауда есепте тұрган оқушылар жоқ. Оқушылармен жеке кенестер, әңгімелесу, сырласу жұмыстары жүргізіледі. Мектептің қоғамдық жұмысына тартылып отыр. Ата-аналармен тығыз байланыс бар, жалпы оқушылардың сабакқа қатысуын жүйелі бақыланылып келеді.

Жылдық жоспармен қатар аудандық білім бөлімінен келген қатынастарды басшылыққа ала отырып, төмендегідей жұмыстар жүргізілді.

Отбасы күніне орай мектеп оқушыларының әкелері арасында веолсипедпен жарыс өткізілді.


Мақсаты: Отбасы күнін атап өту, отбасының үйткеси, негізгі тірері әке екенін түсіндіре отырып, әкелер арасында вело жарыс үйымдастыру. Велосипед арқылы берілген тапсырмаларды орындады. Жақсы орындаған әкелерге мектеп

әкімшілігі атынан мақтау қағаздарымен



марапатталды.

1-Желтоқсан Елбасы күніне орай «Тәуелсіздіктің жеті қыры болашаққа бастар жол» бейнематериал тамашалап, викториналық сұрақтар



Мақсаты: Қазақстанның тұңғыш Елбасы туралы түсінік қалыптастыра

отырып, тақырыптың мазмұнын ашу.

Бейнематериалды талқылау арқылы
окушылардың ойлауын, сөздік қорларын
дамыту.

Жұмыс барысында окушылар елбасы туралы түсінік ала отырып, берілген
сұрақтарға жауап берді. Белсенділік танытқан окушылар марапатталды.

Мектеп психологы Р.Шутеновамен бірлесе отырып, 1-9 сынып
окушыларының әкелерімен «**Әке, сен аскар тауым еңселімсің,**
Қадір мен қасиеттің өлшемісің!» тақырыбында әкелермен жұмыс
ұйымдастырылды.

Мақсаты: Мектеп пен отюбасының өзара байланысын, қарым-қатынасын
нығайту. Ата-аналардың бала тәрбиесіне, оның біліміне, тәрбиесіне ықпал
етуге көмектесу, ата-ана белсенділігін арттыру.

Жұмыс төмөндегідей болімдерден жүргізілді.



1. таныстырылым
2. Мен үшін әке болу-бұл.....
3. Мен сиқыршы болсам...
4. Әкелермен сұхбат
5. Ситуациядан шығу
6. Постер қорғау
7. Ведионы талдау
8. Әкелерге ой салу
9. Караокеде ән салу

10. Рефлексия «Бағдаршам» әдісі

Жұмысқа әр кластан бір әкеден қатысты.
Жұмыс барысында әкелер өз ойларын толық
айта білді. Сауалнама, сұрақ қойылған кезде
тосылмай еркін жауап берді.

27- қазан күні 7-9 сынып окушыларының арасында «**Зан-балалық
шақтың сақшысы**» тақырыбында жұмыс жүргізілді.

Мақсаты: окушылардың адам құқығы, оның ішінде бала құқығы жөнінде түсінігін кеңейту; әрбір адам өз құқығын біліп, өзгенің құқығын бұзбауға үйрету; баланың бойына еліне, халқына деген патриоттық сезімдерін ояту, елін сүйетін үрпак етіп тәрбиелеу.

Шара барысында балалар

тақырыппен, мақсатымен танысты. Заң қызметкері Бақдаuletov Махамбет Абзalұлы шарага

қатысып,

окушыларға

құқық туралы түсінік

жұмыстарын


жүргізді. Оқушылар

өздерінің

көкейлерінде жүрген

сұрақтарын

қойып, жауабын алды.



Білім бөлімінен келген қатынас негізінде «Тәрбиелі ұл-абыройлы әке» тақырыбында әкелермен жұмыс үйымдастырылды. Әр сынып оқушыларының әкелері қатысып, берілген тапсырмаларды орындау барысында, бейнеказбаларды талдау барысында белсенділікпен қатысты. Жұмыс соңында өз ойларын айта отырып, қорытынды сөздер айтты.



Ұлыс күніне орай 1-9 сынып оқушыларының арасында «Аталардың ақ батасы челенджі жүргізілді. Әр сынып аталары ведио жазбалары арқылы оқушыларға наурыз мерекесіне арналған баталарын ұсынды. Әр атаның берілген баталары әлеуметтік желілерге жарияланды. Қатынасқан аталарға мектеп әкімшілігі атынан алғыс берілді.



Көсембай негізгі мектебінде ата-аналар арасында «Бала тәрбиесіндегі отбасының ролі» тақырыбында дөңгелек үстел болды. Ол төмендегі жоспар бойынша жүргізілді.

Психологиялық тренинг «Көңілді күн»
Серпілген сауал
Сұрақ менен- жауап сенен
Бейнеүзінді «Боз орамал»
Жағдаяттар шешу
Заң сөйлесін
Рефлексия

Дөңгелек үстел барысында жоспарланған жұмыстың барлығы жүргізілді. Ата-аналар өз ойларын толық, қысылмай айта білді. Рефлексия кезінде Құнды, Қызық Қызын болған жұмыстарды атап көрсетті.

Мектеп оқушыларының арасында «Отбасым, бақыттың» тақырыбында сурет салу байқауы жүргізілді. Оқушыларға мақсаты түсіндірілді.

Сұрақтармен жұмыстар жасай отырып, отбасы құндылықтары туралы түсінік берілді. Оқушыларға уақыт беріліп, тақырыпқа сай суреттер салды. Тақырыптық мағынасы бар жақсы салынған суреттер марапатталды. Оқушылардың салған суреттері әлеуметтік желіге жарияланды.



1-4 сынып оқушыларының арасында «Әрқашан күн сөнбесін» тақырыбында сурет байқауы откізілді. Жұмыс барысы оқушыларға түсіндірілді. Зорлық-зомбылық туралы бейнеүзіктер көрді. Танысқан материалдарын ескере отырып, тақырыптық суреттер салды. Оқушылар қағаз бетіне өз ойларын толық жеткзе білді.

2021-2022 оку жылы бойынша жоспарланған шаралардың барлығы орындалды. Барлық жұмыс өз деңгейінде жүргізілді.

Келесі оку жылында жұмыстарды жақсату мақсатында төмендегідей ұсыныстарды ескеру керек деп ойлаймын.

- Келесі 2022-2023 оку жылында осы ұсыныстар есепке алынып, оку жылының басынан көп балалы, тұрмысы төмен, қамқоршылықтағы, жетім балаларға аса назар аударылып, әрқайсысының жағдайына сай қажетті көмек жасау;

- Жаңа оку жылында оқушылардың ата-аналарымен мектептің қарым- қатынасын одан әрі нығайтып, оларды мектепшілік жұмыстарға көбірек араластыру;

-Әлеуметтік жағдайы төмен отбасымен жұмысты жүргізу;